

**Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының
«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Заң факультеті)
арасындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

2025 жылғы 26 қыркүйек

Ғылым және құқық саласындағы ынтымақтастықты, ғылыми зерттеулер саласындағы жалпы ұмтылыстарды кеңейту ниетін ескере отырып, сондай-ақ бұрын тараптар білдірген ынтымақтастыққа қатысты ниеттерді ескере отырып,

«Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2021 жылғы 5 ақпандағы №83 бұйрығымен бекітілген МТҚБ «Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысы негізінде әрекет ететін Пан Н.В. директоры атынан, бір жағынан,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Заң факультеті), екінші жағынан, университет жарғысы негізінде әрекет ететін декан Ахатов У.А. атынан,

бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар төмендегілер туралы осы Келісімді жасасты:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты ғылым және құқық саласындағы Тараптар арасындағы өзара мүддені білдіретін салалардағы ынтымақтастықты ілгерілету болып табылады.

2-бап

Осы Келісімнің мақсатына жету үшін Тараптар:

- өзара қызығушылық салаларында ғылыми ынтымақтастықты орнатуды ілгерілетуге;

- құқық саласындағы ағымдағы зерттеулердің жарияланымдары мен құжаттарымен алмасуды ілгерілетуге;

- бірлескен симпозиумдар, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және жазғы мектептер ұйымдастыруға;

- мүмкіндік пен өзара қызығушылық болған жағдайда бірлескен бағдарламалар мен ғылыми жобаларды іске асыруға;

- серіктес Тараптар қызметін жүргізетін елдердің жұртшылығын хабардар етуге келісті.

3-бап

Тараптар жүзеге асыру тәртібі, қаржыландыру шарттары, тақырыптар (мазмұн) және осындай іс-шараларға қатысушылар келісілгеннен кейін екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қоятын жұмыс бағдарламалары/жұмыс жоспарлары негізінде тараптар үшін неғұрлым қолайлы нысанда мүдделі тараптар арасындағы құқық саласындағы ғылыми жобаларды дамытуды қоса алғанда, ынтымақтастықтың әртүрлі нысандарын дамытуға уағдаласты.

4-бап

Осы Келісімді орындау мақсатында Тараптар өзара ұйымдастырушылық, консультациялық және ақпараттық-талдамалық қолдауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

5-бап

Егер жазбаша түрде өзгеше келісілмесе, Тараптар осы Келісім шеңберіндегі қызметке байланысты өз шығыстарын (оның ішінде әріптес Институтта/Университетте болу кезіндегі барлық іссапар шығыстарын) дербес көтереді.

6-бап

Тараптар екі Тарап жазбаша мақұлдағаннан кейін күшіне енетін осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

7-бап

Тараптар Интернет желісінде орналастырылған Тараптардың ақпараттық ресурстарында бірлескен бағдарламалар, жобалар және іс-шаралар туралы ақпаратты орналастырады.

8-бап

Тараптар тараптардың ешқайсысы екінші тараптың алдын ала келісімінсіз тарап осы Келісімді орындау нәтижесінде берген қандай да бір көлемде қандай да бір құпия ақпаратты тікелей немесе жанама түрде таратуға, беруге немесе өзге де жолмен ашуға құқылы емес екендігіне келіседі.

9-бап

Осы Келісімге екі Тарап бірдей заңды күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден қазақ және орыс тілдерінде қол қояды.

10-бап

Тараптар осы Келісімді орындау барысында туындайтын даулы мәселелерді келіссөздер негізінде шешуге келіседі. Құқықтық мәселелерді шешудің өзге де тәсілдері Тараптардың нақты уағдаластықтары шеңберінде айқындалады.

11-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және егер Тараптардың бірі екінші Тарапқа Келісімнің қолданылуы тоқтатылуының болжамды күніне дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын осы Келісімді жазбаша түрде бұзуға өзінің ниеті туралы хабарламаса, шектеусіз мерзім ішінде қолданылады.

Тараптардың мекен-жайлары мен қолдары

МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСПОРНЫ

Мекен-жайы: 010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8/2, «Алтын Орда»
БО

Тел./Факс: +7 (7172) 24-86-61

WWW: <http://instparlam.umto.kz/ru>

E-mail: instparlam@umto.kz

Директор _____ Пан Н.В.



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ (ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТИ)

Мекен-жайы: 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71

Тел.: +7 (727) 377-33-30

Факс: +7 (727) 377-33-44

WWW: <https://farabi.university/faculty/15?lang=ru>

E-mail: info@kaznu.edu.kz

Декан _____ Ахатов У.А.



26.10.2025г.